

[NDTV, 20.07.2017](#) [1]



Үндістанның 25 мемлекеттік мектебінде балалардың сөмкелері мен рюкзактарының салмағын жеңілдету бойынша пилоттық жоба іске қосылды.

Үндістанның Орта білімнің орталық басқармасы жобаны Білім беру зерттеулері мен оқыту жөніндегі ұлттық кеңестің ұсынысы бойынша бастамашылық етті. Ұлттық кеңес 1 және 2 сынып оқушыларына екі оқулықты қалдыруды ұсынды. 3-сыныптан 5-сыныпқа дейін оқулықтардың саны үшпен шектеледі.

Ұсыныстар негізінде жоба алғашқы екі сыныпта оқулықтардың болмауын және келесі сыныптарда сөмкелердің салмағын реттеуді қарастырады. Білім алушылар және олардың мұғалімдері математика және әдебиеттік оқу сабақтары үшін планшеттермен жабдықталады.

Үкіметтің айтуынша, көптеген штаттар сөмкелердің салмағын азайту және сандық оқытуға өту бойынша шараларды қолдана бастады. Теленган штатының үкіметі а.ж. мектеп сөмкелерінің салмағына шектеу енгізді. Махараштра штатында сандық мектептер қазірдің өзінде-ақ бар, бүкіл ел бойынша 50 мыңнан астам мектеп сандық

құрал-жабдықтарын жаңартып жатыр.

Links

[1] <http://www.ndtv.com/education/pilot-project-started-for-reducing-weight-of-school-bags-government-1727331>